

Трудно представить общественно-политическую жизнь нашей области без участия представителей этнокультурных центров, членов областной Ассамблеи народа Казахстана – этого уникального органа не только для нашей страны, но и для всего мира. Они являются скрепляющим элементом всех отраслей и стержнем, обеспечивая гражданский мир и общественную стабильность в нашем регионе и Казахстане. Вклад каждого из них в развитие нашего региона очень значителен, – отметил Ерлан Кусайын, руководитель Управления внутренней политики Карагандинской области. – Нам нечего делить. Мы все казахстанцы. У нас одна земля, одна Родина. И в этом наша сила [4].

Список литературы:

1. Ассамблея народа Казахстана Карагандинской области [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://assembly.kz/ru/region/karaganda/pages/etnokulturnye-obedineniya/>
2. Конституция Республики Казахстан [Электронный ресурс] – Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K930001000>
3. Рымбекова Г. Духовные основы единения // Казахстанская правда. – 2020. – 25 апреля. – С. 2.
4. Этнокультурные центры Карагандинской области активно ведут благотворительную работу [Электронный ресурс] – Режим доступа: inform.kz/https://www.inform.kz/ru/etnokul-turnye-centry-karagandinskoy-oblasti-aktivno-vedut-blagotvoritel-nuyu-rabotu_a3677867

Қазақстан халқы Ассамблеясының ел бірлігінде алатын орны

Хажиева Т.Б.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Кентбек С.Қ.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі мен еліміздің тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың айрықша еңбегінің арқасында елімізде этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі қалыптасқаны және Ассамблеяның ел бірлігінде алатын орны ерекше екендігіне көз жеткіздік. Қазақстан халқы Ассамблеясының институционалдық құрылымы нығайып, қоғамды ұйыстырушы әлеуеті толысты, ол халық дипломатиясының маңызды күретамырына айналғандығы белгілі. Бүгінде Ассамблея ел Президенті Төрағалық ететін Конституциялық орган болып табылады. Бұл оның ерекше мәртебесін айқындайды.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен елдегі қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайту мақсатында 1995 ж. 1 наурызда "Қазақстан халқының Ассамблеясы" (ҚХА) құрылды. Ассамблеяның басты міндеті мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыру, Қазақстан Республикасындағы қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, мемлекеттік және азаматтық қоғам институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру болып табылады. 2015 жыл Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы деп жарияланды. Сонымен қатар, 2015 жыл Астана Бейбітшілік пен Келісім қаласы атты ұранмен өткендігі аян. Бұл туралы Елбасы Н. Ә. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының 21 сессиясында мәлімдегені баршамызға аян.

Қазақ елі тәуелсіз даму жолына түскеннен бері адам құқығын қорғау саласында Жалпыға ортақ адам құқығы жөніндегі Декларация мен басқа да құжаттар бойынша бекітілген халықаралық заңнамаларда берік екендігін дәлелдеп келеді. Ата заңымыз – Конституциямыздың 8-бабында: «Қазақ ұлтының және Қазақстанда тұратын басқа ұлттар өкілдерінің мәдениетін, дәстүр-салтын, тілін қайта түлетіп, дамыту, ұлттық қадір-қасиетін нығайту мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі болып табылады», - деп көрсетілген [1,6 б].

Ассамблеяны құрудағы басты мақсат Қазақстан Республикасында тұрып жатқан ұлттар мен ұлыстар арасындағы қарым қатынасты нығайту, ҚХА институтын конституциялық орган ретінде одан әрі дамыту; оның азаматтық қағидат негізінде қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайтудағы, «Мәңгілік ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының құндылықтарын ілгерілетудегі, болашағы біртұтас ұлтты қалыптастырудағы рөлін арттыру. Осы мақсатқа жету жолында Ассамблея өз алдына бірнеше міндеттер қойды:

1. «Қазақстан - 2050» стратегиясын ойдағыдай жүзеге асырудың түйінді факторы ретінде қоғамдық келісімді, қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту бойынша барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының жұмысын үйлестіруші ретіндегі ҚХА рөлін күшейту;

2. Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайту үшін мемлекет иен этномәдени және басқа да қоғамдық бірлестіктердің өзара іс-қимылының жаңа форматтарын енгізу;

3. Қазақстан халқының мәдениетін, тілдерін және дәстүрлерін дамытудағы шоғырландырушы фактор ретінде мемлекеттік тілдің рөлін нығайту;

4. Болашағы біртұтас ұлтты қалыптастыру және жалпықазақстандық құндылықтарды нығайту мақсатында үш тілде білім беруді енгізуге жәрдемдесу;

5. Бірегейлік пен бірліктің қазақстандық моделін шет елдерде тұратын отандастарымыздың, Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерінің қатысуымен халықаралық қоғамдастықта кеңінен таныту;

6. Халықаралық ұйымдармен және шетел мемлекеттерінің азаматтық қоғам институттарымен ҚХА-ның өзара іс-қимылы;

7. Этномәдени бірлестіктердің жалпымемлекеттік кешенді міндеттерді шешуге белсене қатысуы[2,3 б.].

Тұжырымдаманың құндылық негіздері «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы, қазақстандық бірегейлік пен бірлікті азаматтық қағидат негізінде нығайту мен дамыту болып табылады. Сонымен қатар, Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев «Бір халық – бір ел – бір тағдыр» ұғымы ұлтымыздың ұлы бағдары - «Қазақстан-2050» Стратегиясының түп қазығы етіп алынғанын алға тартты.«Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Елбасы Жолдауындағы «Бір халық – бір ел – бір тағдыр» жалпыұлттық идеясын өмірде іске асырудың негізі әр отбасыда қалануы тиіс [3,44 б].

Бүгінгі күні біз Ассамблея – тұтастай Қазақстан халқы деп толық негізбен айта аламыз! Ассамблея – тұрақтылық пен қоғамдық келісімнің сенімді, берік іргетасы. Ассамблея тарихы–ел тарихы, халық тарихы. «Бір ел»–бұл барлығымыз үшін ортақ Отан. «Бір тағдыр» – бұл біз бірге жүріп өткен қиындықтар мен жеңістер! Бұл біздің ортақ келешегіміз – игілікті және өсіп-өркендеген Қазақстан! Қазақ халқы Қазақстандағы барлық этностық, әлеуметтік топтар үшін ұлттық мемлекеттік қауымдастықтың қуатты тарихи діңі ретінде көрініс табады. Біз қазақ әлемінің тарихи тұрғыда ешқашан тар моноэтносты және мономәдениетті болмағанын білеміз. Одан да бетер – біздің ата-бабаларымыз осынау әлемдік үдерісті өздері қалыптастырды!

Біздің ата-бабаларымыз әлемге мәдениет пен руханилықтың қуаттандырушы үлгілерін көрсетті – біздер олардың істерін жалғастыруымыз керек! Бізге ұлттар үшін ортақ тарихи сана-сезім қажет. Ұлттық рухты қажетті биіктікке көтеру үшін біздің шынайы тарихымыздың, мәдениетіміздің, дініміздің қандай екенін айқын сезінуіміз қажет. Нәтижесінде қазақстандықтардың тарихи сана-сезімі топтасуға, өзінің өткеніне, қазіргісіне және болашағына патриоттық қарым-қатынас қалыптастыруға жұмыс істеуі тиіс. Бүгінде ХХІ ғасыр, инновациялар уақыты, сондықтан қазақ қоғамы да бұрынғы ғасырлардағыдай бола алмайды. Қазақстан–біздің жеріміз,біз өз жеріміздің перзентіміз. Біз өз жеріміздегі бейбіт өмір үшін тікелей жауаптымыз.Тәуелсіздік жылдары ішінде Қазақстандағы тілдердің, мәдениеттер мен салт-дәстүрлердің этностық көптүрлілігі сенімді үндестікке, өзіне тән реңктер мен әсемдіктер молшылығына ие болды. Бүгінгі таңда кең байтақ өлкеміз 130-дан астам этносты біріктіріп, бірлігі мықты елге айналып отыр.

Жалпы алғанда, негізінен Ассамблея жұмысының арқасында біздің елімізде этносаралық және конфессияаралық келісімнің бірегей моделі, әрбір азамат этникалық және діни ерекшелігіне қарамастан Конституцияда кепілдік берілген, азаматтық құқықтары мен бостандықтарын толық пайдалана алатындай ерекше сенім, ынтымақ, өзара түсініктік ахуалы қалыптасты.

Орта білім беретін мектептерде, коледждерде және жоғары оқу орындарында, оқу бағдарламасы ұлттардың адамгершілік құндылықтарын меңгеруге, еліміздегі бейбітшілік пен ынтымақтастықты сақтауға жауапкершілікпен қарайтын жастар қауымын тәрбиелеуге басты назар аударды. Оқу бағдарламасының басты міндеттері қазақстандық патриоттылықты дамыту, оқушылар мен студенттерге қазақ халқының салт-дәстүрі мен мәдениетін дәріптеу, сонымен қатар өзге ұлт өкілдерінің салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға, барша игі шараларды бір халық болып атап өтуге, еліміздің болашағы жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелей білу.

Республикада Қазақстанның барлық этностарының мәдениетін, тілін, дәстүрін дамыту үшін қажетті жағдайдың бәрі жасалған. Ассамблея қызметі Қазақстанның этносаралық қатынастар мәселелерін тиімді шешетін ел ретіндегі халықаралық беделін арттыруға ықпал етеді. Қазақ жерінде тұрып жатқан өзге ұлттар мен ұлыстарға еш шектеу жоқ. Олардың рухани және мәдени дамуына, оқу-білім, медициналық көмек және тағы басқа қызметтерді алуға толықтай құқылы. Республика тұрғындарының арасында өзге ұлт өкілдеріне деген сыйластық, олардың мәдениетіне, дініне деген үлкен құрметті байқауға болады. Қазақстанға жеріміздің түкпір-түкпірінен келген өзге ұлт өкілдерінің бізбен бірге бірігіп, еліміздің дамуына, одан бетер әлем сахнасында қаймағы бұзылмаған, өркендеп кең етек жайған, жас әрі қуатты мемлекет болып қалыптасуына қосып жатқан үлестері көз қуантарлық. Қайда жүрсек те, қандай болсақ та біздің барлығымызды біріктіретін ортақ Отанымыз- Қазақстан. Халқымыздың бірлігі мен тұтастығы, ең алдымен ұлтаралық сый құрмет, екіншіден Қазақстан халқының Ассамблеясының нәтижелі жұмысының көрінісі. Бірлік бар жерде тірлік бар демекші, ауызбіршілік, татулық бейбітшілік пен бірліктің түп негізі, қайнар көзі.

Жаһандық даму кезеңде тілді, салт-дәстүрлерді, құндылықтарды сақтай отырып қана ел дамуының жаңа баспалдақтарына көтерілеміз. Отанға, туған жерге, ата-бабаларымызға, өзіміздің біртұтас және бөлінбейтін тарихымызға деген сүйіспеншілік бүкіл қазақстандықтар үшін айрықша маңызға ие болады. Баршамыздың асыл мұратымыз – ел тәуелсіздігі, бірлігіміз және ұлт аралық келісім.

Арада қаншама уақыт өтсе де, сонау сұрапыл соғыс жылдарында қазақ өлкесіне қоныс аударған орыс, шешен, ингуш, неміс тағы басқа ұлт өкілдерінің өз бақыттарына ие болғандарын айтып, бүгінгі күнге дейін өз өмірлерін Қазақстанмен байланыстыратынын, өздерінің екінші Отаны Қазақстан екенін шынайы сезіммен айтып тұрғанын көреміз. Бұның басты себебі, қазақ халқы еш ұлтты жат санамай, қиын-қыстау шақта қамқор бола білгендігі. Тар үйді келген қонағына кең етіп берген. Қалай деп ойлайсыз? Бұл қазақ халқының дархандығының бір көрінісі болар. Ұлт пен ұлтты ұйыстыра білуі, өзге ұлтқа деген сый-құрмет бұл ата-баба қанымен келген асыл қасиет, үлгі-өнеге.

Қазақстан – бұл біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ. Біз көппіз және бәріміз – бір елміз, бір халықпыз. Өз еліне пайдасын тигізу, өз Отанының тағдырына жауапты болу – әрбір жауапты саясаткер үшін, әрбір қазақстандық үшін парыз және абырой деп білемін. Біз бірлік пен татулық құндылықтарын қоғамның іргетасына, қазақстандық ерекше толеранттылықтың негізіне айналдырдық. Біз осы құндылықтарды қазақстандықтардың әрбір болашақ буынына аялай ұсынуымыз керек. Бейбіт күндегі белестерді бағындырып, алдағы сындардан сүрінбей өтеріміз, ең алдымен, өзімізге, бірлігіміз бен берекемізге байланысты. Біз бәріміз бір атаның – қазақ халқының ұлымыз. Бәріміздің де туған жеріміз біреу – ол қасиетті ұлы қазақ даласы. Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – тәуелсіз Қазақстан. Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық [4,198 б] деп Елбасы Н.Ә. Назарбаев басты назар аударады. Олай болса,

халқымыздың береке бірлігі ынтымақтастығы егемен Қазақстанның түп қазығы қайнар көзі болып табылады!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.- Алматы:Қазақстан,1995.-41б.
2. Еділқызы Л. Ассамблея – татулыққа бастар төте жол//Егемен Қазақстан газеті–2014 жыл,29 наурыз.
3. «MANGI EL» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналы. Бас редактор: Сыдықов Е. Алматы: Pride Print, 2013.-108 б.
4. Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Еңсепов Б.Б. Тәуелсіз Қазақстан: күннен күнге. – Алматы, 2011.-320 б.

Социально-экономическое положение спецпереселенцев в Казахстане

Чепайкин С.А.

Научный руководитель: ст.преподаватель Ельжанова Е.Т.

Кокшетауский университет имени Абая Мырзахметова

В первые годы жизни в «кулацкой ссылке» положение спецпереселенцев было крайне тяжелым. Особенно велика была детская смертность. В докладной записке Г.Г. Ягоды от 26 октября 1931 г. на имя председателя ЦКК ВКП(б) и наркома РКП Я.Э. Рудзутака отмечалось: «Заболеваемость и смертность с/переселенцев велика... Месячная смертность равна 1,3 % к населению за месяц в Северном Казахстане и 0,8% в Нарымском крае. В числе умерших особенно много детей младших групп. Так, в возрасте до 3-х лет умирает в месяц 8-12 % этой группы, а в Магнитогорске еще более, до 15 % в месяц. Следует отметить, что в основном большая смертность зависит не от эпидемических заболеваний, а от жилищного и бытового неустройства, причем

детская смертность повышается в связи с отсутствием необходимого питания» [1].

За 1932 г. в «кулацкой ссылке» умерло больше, чем родилось в 5 раз. Выше этого среднего уровня были соответствующие показатели в Северном Казахстане - в 14,5 раз. У спецпереселенцев, проживавших в Южном Казахстане, в 1932 г. умерло больше, чем родилось в 4,4 раза. Такие различия в показателях рождаемости и смертности в «кулацкой ссылке» зависели от многих факторов (длительность нахождения на спецпоселении того или иного контингента, степень адаптированности, климатические условия, плодородие местных почв и др.). У вновь прибывших в «кулацкую ссылку» показатели рождаемости и смертности всегда были значительно худшими, чем у относительных «старожилов». Например, 1 января 1934 г. в составе 1072546 спецпереселенцев было 955893 «старожила» (поступившие в «кулацкую ссылку» в 1929-1932 гг.) и 116653 «новосела» (поступившие в 1933 г.). Всего за 1933г. в «кулацкой ссылке» родилось 17082 и умер 151601 человек, в том числе у «старожилов» - соответственно 16539 и 129800, у «новоселов» - 543 и 21801 человек. Если у «старожилов» в течение 1933 г. умерло больше, чем родилось в 7,8 раз, то у «новоселов» - в 40 раз [1, с. 13].

Соотношение между рождаемостью и смертностью в 1933 г. в различных районах «кулацкой ссылки» по сравнению с 1932 г. стало еще более неравномерным. Это вызвалось целым рядом причин, но главная заключалась в том, что в 1932-1933 гг. отдельные регионы страны (Украина, Северный Кавказ, Поволжье, Казахстан, частично Урал и некоторые другие районы) поразила засуха. От голода умерли миллионы людей. Смерть не обошла стороной и спецпереселенцев, проживавших в районах, где царил голод. Если в среднем за 1933 г. в «кулацкой ссылке» умерло больше, чем родилось в 8,9 раз, то на Северном Кавказе - в 20,8 раз, в Северном Казахстане - в 19,1, на Украине - в 15,7, на Средней Волге - в 15,6, в Средней Азии - 14,4, на Урале - в 13,1, в Южном Казахстане - в 12,7 раз.